

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ҰҒЫМЫ

ДҮСІПОВ ЕРКІН
ШАЖАҰЛЫ

заң ғылымдарының докторы, профессор

САДЫҚАНОВА
ЖАННА ЕСІМБЕКҚЫЗЫ

заң ғылымдарының кандидаты, доцент

УДК: 334.7

Аңдатпа. Мақалада кәсіпкерлік қызметті реттейтін барлық нормативтік-құқықтық актілерді, сонымен қатар арнайы кәсіпкерлік заңнама қабылданғанға дейінгі және одан кейінгі ғылыми-теориялық зерттеулерді, электрондық қайнар көздерді зерделеп кәсіпкерлік қызметті реттеу түсінігін тұжырымдауға қадам жасалынады.

Тірек сөздер: кәсіпкерлік қызмет, мемлекеттік реттеу, кәсіпкерлік қызмет белгілері, кәсіпкерлік заңнама

Аннотация. В статье раскрывается содержание государственного регулирования предпринимательской деятельности и дается определение понятия государственного регулирования предпринимательской деятельности, также анализируются научно-теоретические труды исследователей по вопросам государственного регулирования предпринимательской деятельности.

Ключевые слова: правовое регулирование предпринимательства, государство и предпринимательская деятельность, понятие правового регулирования предпринимательской деятельности

Abstract. The article reveals the content of state regulation of entrepreneurial activity and defines the concept of state regulation of entrepreneurial activity, as well as analyzes the scientific and theoretical works of researchers on state regulation of entrepreneurial activity.

Keywords: legal regulation of entrepreneurship, state and entrepreneurial activity, the concept of state regulation of entrepreneurship

JEL code: A1, K2, K20, K23, K29, L26, L38

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін еліміздің экономикасы нарықтық қатынастарға өткеннен кейін, экономиканы, соның ішінде кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу саласында елеулі өзгерістерге әкелгені белгілі.

Осыған орай кәсіпкерлік құқықтық қатынастарды реттеу үшін әр түрлі деңгейдегі нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу мазмұны мен түсінігін зерттеуге бағытталған көптеген ғылыми еңбектер ресми басылымдар да, соның ішінде де интернет көздерінде де жариялана бастады.

Кәсіпкерлік қатынастарды құқықтық реттеу үшін 2015 жылы 29 қазанда Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі де қабылданды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда бүкіл халықтық референдумда қабылданған Ата заңының 26-бабы 1-тармағында: «Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандайда болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады» - делінсе, осы аталған баптың 4-тармағында әркімнің кәсіпкерлік қызмет

еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар деп бекітеді [1].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2030» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауда кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау қажеттігі атап көрсетті [2].

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу мынадай негізгі нысандарда жүзеге асырылатыны белгілі: экономикалық (салықтық, кедендік, валюталық реттеулер арқылы); ұйымдастырушылық (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын субъектілерді есепке алу, лицензиялау, техникалық реттеу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және тағы да басқа); құқықтық (кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілер шығару) [3]. Бізді қызықтыратыны соңғысы, себебі, жалпы алғанда, мемлекеттің экономикаға, соның ішінде кәсіпкерлікке араласпауынсыз Қазақстан Республикасының Конституциясында

бекітілген адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету мүмкін емес.

Мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғау, қоршаған ортаны қорғау сияқты көпшілік мүддесін жүзеге асыру және қорғауды қамтамасыз ету мемлекеттік реттеудің мақсаты болып табылады.

Дегенмен де, кәсіпкерлікті жүзеге асыру саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды мемлекеттің қаншалықты қолдап, дамыту шараларын жүзеге асыруды заңнамалық тұрғыда реттеп белгілеуіне қарамастан, осы аталған қызмет түрін мемлекеттік реттеу ұғымы нақты айқындалып берілмеген.

Көптеген нормативтік-құқықтық актілерде кәсіпкерлік қызмет барынша реттелгенімен де, оның түсінігі ашылмаған. Айталық, «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңында сауда қызметін мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен қағидаттары, нысандары (сауда қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындау; ҚР Мемлекеттік шекарасымен тұспа-тұс келетін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өтуі шарттарын айқындау; сауда қызметін дамытуды ынталандыру; Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау; сертификаттау) және әдістері (сыртқы сауда қызметін кедендік–тарифтік, тарифтік емес реттеу; ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарлардың сатылуын тоқтата тұру және (немесе) сатуға тыйым салу; арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақылық шаралар қолдану; халықаралық экономикалық санкцияларға қатысу; қарсы шараларды қолдану; тыйым салулар мен шектеулердің ерекше түрлерін, өтемақы шараларын қолдану) атап көрсетіліп, нақтыланған. Сонымен қатар сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу мен тарифтік емес реттеуді білдіретін шаралар айқындалған [4].

Заң әдебиеттерінде де мемлекеттік реттеуге, соның ішінде кәсіпкерлік

қызметті мемлекеттік реттеуге бірыңғай түсінік берілмеген. Көбінесе «реттеу» ұғымы «басқару» ұғымымен ұқсас категориялар ретінде қарастырылады.

Әкімшілік құқық жөніндегі мамандар «мемлекеттік басқару» түсінігін талдай келе, оны мемлекеттік реттеу түсінігімен салыстырады, олардың белгілерінің ұқсастықтарын атап көрсетеді. Атап айтқанда, Белых В.С. осылай айта келе, бұл кезде мемлекеттің экономикалық және өзге де процестерге қатысуының әр түрлі деңгейдегі үлес салмағы жөнінде мәселе көтерілуі мүмкін: мемлекет объектілерді тікелей басқарушы болып қатысады не болмаса анағұрлым маңызды қоғамдық қатынастарды реттеуші ретінде қатысады... Шартты түрде алғанда, мемлекеттік басқару әдетте оған бағынышты субъектілердің болуымен байланыстырылады, ал мемлекеттік реттеу басым түрде ұйымдық тұрғыда бағынышты емес объектілерге ықпал етумен байланыстырылады деп тұжырымдауға болады [5].

Сонымен бір уақытта әдебиеттерде мемлекеттік реттеу – ол жанама түрде экономикалық ықпал ету әдістерімен байланысты болып келетін мемлекеттік басқаруға қарағанда таяз ұғым деп атап көрсетіледі.

Мемлекет және құқық теориясы да «мемлекеттік реттеу» және «мемлекеттік басқару» терминдерін салыстырып, біріншісі мемлекеттік басқару функцияларының бірі ретінде қарастырылады дей келе, оларды бір-бірімен байланыстырады. Мемлекеттік реттеудің мазмұнын мемлекеттің қоғамдық қатынастардың субъектілерінің жалпы мінез-құлық ережелерін белгілеу және қамтамасыз ету, сондай-ақ жағдайлардың өзгеруіне байланысты түзетулер енгізуі арқылы; құқық нормаларында белгіленген талаптардың орындалуына бақылау жасау; тиісті қарым-қатынастарға қатысушылардың іс-әрекеттерінің жалпы бағытын үйлестіру және белгілеу, олардың заңды мүдделері мен құқықтарын жан-жақты қорғау; экономика саласында жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаттың басымдылықтарын анықтау және бекіту; мемлекеттік келісімшарттарды

жасасудың, тіркеудің, лицензиялаудың тәртібін белгілеу және тағы да сондайлар арқылы анықтайды.

Кәсіпкерлік құқық шегінде осы аталған ұғымдарды зерттеп зерделеудің шартты түрде екі бағыты бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, кәсіпкерлік құқықты кешенді құқық саласы не болмаса азаматтық құқықтың бір бөлігі ретінде қарастыратын зерттеушілер толықтай алғанда мемлекеттік реттеуге, атап айтқанда, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуге мүлде мән бермейді немесе экономика мен кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу мен оларды құқықтық реттеу мәселелерін шатастырып алады. Айталық, Шамшиева Н.К. өз еңбегінде экономиканы реттеудің көптеген анықтамаларын зерделеп, соның ішінде анағұрлым кең тарағандары ретінде мыналарды атап көрсетуге болады деп көрсетеді:

- қазіргі заманғы мемлекеттің ең негізгі қызметтерінің бірі, оның міндеті экономикалық өсім мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады;

- ұлттық экономиканы, жалпы алғанда бүкіл қоғамның дамуындағы күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге әрі нарықтың тиімді әрекет етуі үшін қолайлы жағдайлар туғызуға бағытталған мемлекеттің қызметін қолдайтын, орнын толтыратын және реттейтін іс-шаралар жүйесі;

- мемлекет өз органдары түрінде әрекет ете отырып, экономикалық объектілер мен процестерге және оған қатысатын тұлғаларға ықпал етуі; процестердің ұйымдасқан сипат алуы үшін, экономика субъектілерінің іс-әрекеттерін ретке келтіру үшін заңдардың сақталуын, мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады;

- мемлекеттің негізгі экономикалық үрдістерге түзету енгізуі және белгілеуі үшін қолданылатын шараларының, іс-әрекеттерінің кешені;

- кірістер мен қорларды бөлістірудің негізгі кезеңдеріне, экономикалық өсім ырғақтарына, халықтың өмір сүру деңгейіне ықпал етуінен тұратын

мемлекеттің ұлттық экономикаға қатысудағы негізгі нысандарының бірі, сол үшін де мемлекеттік институттар заң шығарушылық, атқарушылық және бақылау әдістерін қолданады;

- нарықтың тетіктерінің қалыпты қызмет етуі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында шаруашылық субъектілерінің қызметіне және нарыққа мемлекеттің ықпал етуі.

Осы аталған анықтамаларды зерделей отырып, Шамшиева Н.С. өз тұжырымдамасын ұсынады: экономиканы мемлекеттік реттеу – бұл мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдар жүзеге асыратын және ұлттық экономиканың тиімді болуына, экономикалық әрі әлеуметтік дамудың тұрақтылығына, ұлттық экономиканы дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде қоғам мен халықтың жекелеген жіктерінің мүдделерін келістіруге бағытталған заң шығарушылық, атқарушылық және бақылаушы сипаттағы іс-шаралар жүйесі [6].

Жоғарыда айтып өтілгендей, Н.К. Шамшиева да экономиканы мемлекеттік реттеу түсінігіне анықтама бере отырып, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуге назар аудармаған.

Осы айтылғандарды талдай келе, «кең тұрғыдан алып қарағанда экономика мен кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу – бұлардың барлығы құқықтық қайнар көздері және оларды қолдану практикасы, яғни шын мәнісіндегі экономика мен кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің барлық тетігі» деп атап көрсеткен О.В. Макаровпен келісуге болады. Алайда, И.В. Ковалева мен М.В. Черновтың ойынша, осы әдістемелік тұрғыда берілген қате ұғым экономиканы, кәсіпкерлікті және өзге де кіріс әкелетін қызметті мемлекеттік реттеу мен олардың құқықтық жағдайларының мазмұнды әрі анық түсінігінің болмауымен байланыстырады.

Екіншіден, кәсіпкерлік құқықты жеке дербес құқық саласы ретінде қарастыратын ғалымдар экономика мен кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің құрамдас бөліктері болып келетін ұйымдық-экономикалық және құқықтық жақтарын жекелеп ашуға баса

назар аударады. Алайда, осы бағыт шегінде де осы қызметті мемлекеттік реттеудің бірыңғай анықтамасы әзірленбеген, сондай-ақ «кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу» термині көбірек қолданылатынына қарамастан, талданбайды [7].

Басқа да зерттеулерде кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік-құқықтық немесе өзге да сабақтас реттеулермен байланыстырылады [8]. С.П. Мороз кәсіпкерлік қатынастарды салықтық реттеу мемлекеттің қазынаға салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің толықтай түсуін қамтамасыз ету бойынша қызметі, сонымен бір уақытта тұрақты экономикалық өсу мақсатында әр түрлі жеңілдіктер мен преференцияларды ұсыну бойынша қызметі деп атап көрсетеді [9]. Осы аталған автордың пікірін қолдай келе Молдабаев Р.С. өз еңбегінде кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің ерекшеліктерін атап көрсетеді [10, 24-29 б.].

Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясында «мемлекеттік реттеу – мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық өмірге қатысу нысандарының бірі, мемлекеттің жалпы мемлекеттік ресурстарды бөлуге және үйлесімділікті қалыптастыруға тікелей немесе жанама түрде ықпал етуі» - деп анықталған. Нарықтық және корпоративтік реттеумен қатар қазіргі шаруашылықты экономикалық реттеу жүйесінің құрамдас нышаны болып табылады. Құқықтық-мемлекеттік реттеу азаматтық және шаруашылық заңдар негізінде осы заңдармен белгіленген нормалар мен ережелер жүйесі арқылы жүзеге асырылады [11, 459б.].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғаннан кейінгі құрастырылған экономикалық сөздіктердің бірінде «нарықты мемлекеттік реттеу» түсінігі ғана берілген, бұл дегеніміз мемлекеттің монополияға қарсы шараларды жүзеге асыруға, еңбекшілерді әлеуметтік қорғауды, кәсіпорындардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін экономикалық тетіктер мен ынталандырулар арқылы нарықтық қатынастарға мақсатты түрде

ықпал ету нысаны деп анықталған [12, 56 с.].

Ресей зерттеушілері В.В. Лаптев пен С.С. Занковскийдің пікірлерінше мемлекеттік реттеу экономикаға ықпал ететін экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралардың жиынтығын, соның ішінде кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің заңнама талаптарын сақтауларын мемлекеттік бақылауды білдіреді [13, с.343].

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу түсінігін анықтауға ұмтылатын басқа да амал-тәсілдер де назар аударуға лайық. Айталық Е.П. Губин кәсіпкерлікті қызметті мемлекеттік реттеу бұл арнайы құралдарды, нысандар мен әдістерді пайдалана отырып, мемлекеттің экономикалық саясатын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттің қызметі деп анықтайды [14, с.397].

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу тетігін түсіндіруге және оның анықтамасын тұжырымдауға бағытталған осы саладағы жоғарыда аталған анықтамалар мен жүргізілген зерттеулерді талдау мынадай негізгі белгілерді атап көрсетуге мүмкіндік береді:

- Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу – бұл, ең бастысы, нақты бір қызмет түрі.

- Мемлекеттік реттеу субъектілері – бұл бірінші кезекте, мемлекеттің заң шығарушы және атқарушы билік органдары. Экономиканы мемлекеттік реттеу саласындағы қатынастарға жеке дара қатысушылары ретінде мемлекеттік билік органдары жанындағы әр түрлі кеңестерді де атауға болады, олар, біріншіден, құқық субъектісі болып табылмайды, екіншіден, кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласында туындайтын қатынастарға қатысушылар болып табылады. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу субъектілеріне кәсіпкерлерді де жатқызуға болады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

- Мемлекеттік реттеу объектісі – бұл кәсіпкерлік қызмет саласындағы қоғамдық қатынастар. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, кәсіпкерлік қызметтің

саласына байланысты мынадай мемлекеттік реттеу түрлерін бөліп көрсетуге болады: банктік, биржалық, инвестициялық, сақтандыру қызметтерін мемлекеттік реттеу және тағы да басқа. Сәйкесінше осындай бағыттарға байланысты мемлекеттік реттеу объектілері де нақтыланады. Осылай, құнды қағаздар нарығындағы тіркеушінің кәсіпкерлік қызметін мемлекеттік реттеу объектісі ретінде реестрді жүргізу бойынша тіркеушінің іс-әрекеттерін атауға болады: құнды қағаздардың иелерінің реестрін жүргізу жүйесін құрайтын мәліметтерді жинау, фиксация (тіркеуге алу), өңдеу, сақтау және ұсыну.

- Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің мақсаты – нақты бір шаруашылық жағдайды болдырмау, өзгерту немесе тоқтату не болмаса, керісінше, оны тиісінше жағдайда ұстап отыру үшін қолдау көрсету.

- Пайдаланылатын құралдардың (нысандар мен әдістердің) алуан түрлілігі мемлекеттік реттеудің ерекше тәртібінің бар екендігі жөнінде айтуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік реттеуді түрлерге жіктеу халық шаруашылығының әр түрлі салаларында немесе нарықтың әр түрлі бөліктерінде туындайтын қандайда бір қатынастарға мемлекеттің ықпал ету деңгейіне негізделуі мүмкін. Олай болса, кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуді ең жоғары, орташа және ең төменгі деңгейлерге бөлуге болады. Ең жоғарғы реттеу деңгейі мемлекеттік реттеу құралдарының барлығын не болмаса көп бөлігін пайдалануын білдіреді;

- Мемлекеттік ықпал етудің құқықтық негіздері. Осы белгі жөнінде мәселе қозғау үшін, ең алдымен, кәсіпкерлікті құқықтық реттеу мен мемлекеттік реттеу арасындағы айырмашылықтарды ажыратып алу қажет: біріншісі ұлттық экономикамыздың қандайда бір саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүргізудің (жүзеге асырудың) жалпы ережелерін белгілеуден тұрса, екіншісі нақты бір туындаған жағдайға мемлекеттің тиісті құқықтық негіздерге сүйене отырып, экономикалық өсімге әрі теңдестірілген экономикалық дамуға қол жеткізу мақсатында ықпал ету болып табылады.

Біздің ойымызша, И.В. Ковалева мен М.В. Черновтың «кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу деп мемлекеттің өз органдары арқылы шаруашылық мүдделердің субъектілерімен бірлесе жүзеге асыратын, заңнамалық тұрғыда бекітілген құралдар жүйесінің көмегімен нақты бір шаруашылық жағдайды болдырмау, өзгерту немесе тоқтату не болмаса, керісінше, оны тиісінше жағдайда ұстап отыру үшін қолдау көрсету мақсатында кәсіпкерлік саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды тәртіпке салуға бағытталған, әр түрлі деңгейдегі құқықтық актілермен реттелетін қызметі» - деп көрсеткен анықтамаларын қазіргі заманға сай толықтай оның мазмұнын ашатын тұжырым деп атауға болады [7].

Сонымен жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актілер мен зерттеушілердің еңбектерінде берілген анықтамаларды зерделей келе, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу - бұл кәсіпкерлік субъектісі өндіретін және өткізетін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің адам өмірі мен денсаулығының, қоршаған орта, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, адам мен азаматтардың заңды мүдделері мен мемлекеттік мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында кәсіпкерлік саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтіру үшін нормативтік-құқықтық актілермен реттелетін мемлекеттің қызметі деген қорытындыға келеміз.

Практикада нормативтік-құқықтық актілердің қолданылуы кезінде ыңғайлы болуы үшін кәсіпкерлік қызметті реттейтін тиісті нормативтік-құқықтық актіге осы саланы «мемлекеттік реттеу» анықтамасын енгізуді ұсынамыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2030» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
3. Калиева, Г.С. (2011). Государственное управление предпринимательства. *Вестник Евразийской юридической академии имени Д.А. Кунаева*.
4. «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңы.
5. Бельх, В.С. (2009). *Правовое регулирование предпринимательской деятельности в России*. Москва: Проспект.
6. Шамшиева, Н.К. (2013). *Государственное регулирование экономики: учебное пособие*. Астана: Мастер ПО.
7. Ковалева, И.В., Чернов, М.В. (2015). Понятие государственного регулирования предпринимательской деятельности. *Вестник Алтайского государственного аграрного университета*, 12 (134), 163-167.
8. Зенин, И.А. (2009). *Предпринимательское право*. Москва: Высшее образование.
9. Мороз, С.П. (2009). *Предпринимательское (хозяйственное) право: учебник*. Алматы: Бастау.
10. Молдабаев, Р.С. (2016). *Правовое регулирование предпринимательской деятельности*. Астана.
11. Аяған, Б. (Ред.). (2004). *Қазақстан. Ұлттық энциклопедия*. Алматы: Қазақ энциклопедиясы.
12. Туркбенбаева, Д.Д., Туркбенбаев А.К. (1997). *Экономический словарь – справочник издателя*. Алматы: Жеті Жарғы.
13. Лаптева, В.В., Занковского, С.С. (Ред.). (2006). *Предпринимательское (хозяйственное) право: учебник*. Москва: Волтрес Клувер.
14. Губин, Е.П., Лахно, П.Г. (Ред.). (2003). *Предпринимательское (хозяйственное) право Российской Федерации*. Москва.

КАК ПРЕОДОЛЕТЬ КОРРУПЦИОННЫЕ СТЕРЕОТИПЫ В ОБЩЕСТВЕ?

**САРКЫТБЕК
МОЛДАБАЕВ**

профессор филиала Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Алматинской области, доктор юридических наук, профессор

УДК: 35.351.9

Аннотация. В настоящей статье рассматриваются различные коррупционные стереотипы, укоренившиеся в казахстанском обществе, которые ослабляют противодействие коррупции. Для преодоления коррупционных стереотипов в обществе автор предлагает ряд оригинальных мер, которые должны быть заложены в основе антикоррупционной политики государства.

Ключевые слова: коррупционные стереотипы, противодействия коррупции, антикоррупционные меры, антикоррупционное воспитание, антикоррупционное образование, антикоррупционная пропаганда, антикоррупционная культура.

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақстандық қоғамда қалыптасқан жемқорлықпен күресті әлсірететін түрлі жемқорлық стереотиптері қарастырылады. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық стереотиптерін еңсеру үшін, автор мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізін қалауға тиісті бірқатар өзіндік шараларды ұсынады.

Түйінді сөздер: сыбайлас жемқорлыққа қарсы стереотиптер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие, сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат

Annotation. This article examines the various corruption stereotypes that are rooted in Kazakhstan's society that weaken the fight against corruption. And to overcome corruption stereotypes in society, the author proposes a number of original measures that should be laid in the foundation of the state anti-corruption policy.

Keywords: corruption stereotypes, anti-corruption measures, anti-corruption measures, anti-corruption education, anti-corruption education, anti-corruption propaganda, anti-corruption culture.

После распада СССР, в Казахстане существенно изменились социально-экономические условия, определившие

формирование новых морально-ценностных установок современного общества. Изменилась сама структура